

А 2006
475к

Баубек Бұлқышев

АДАМЗАТҚА ХАТ



60 лет Победы
Ұлы Отан
созғысы
течевенной
Жеңісіне
60 жыл





Баубек Бұлқышев

АДАМЗАТҚА ХАТ

60 лет Победы
Ұлы Отан
в Великой
соғысы
Отечественной
Жеңісіне
войне
60 жыл



“Санат” баспасы
Алматы 2005 ж.

ББК 84 Қаз 7-4
Б 89

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды.

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТТАРЫ –
Рәзия РҮСТЕМБЕКОВА,
Рахметолла БІДЫРЫСОВ.

Бұлқышев Б.

Б 89 **Адамзатқа хат. Шығармаларының жинағы.** – Алматы:
«Санат», 2005. – 208 бет.

ISBN 9965-664-27-7

Баубек Бұлқышевтың бұл кітабы 1977 жылы жарық көрген болатын. Оның сол жинағына енген шығармаларымен қатар газет-журнал беттерінде жазушының көзі тірі кезінде жарияланған публицистикалық туындылары топтастырылып отыр. Жинақ майданда қыршыл кеткен жас талант несінің мол мүмкіндігінен, оның әдеби талғамының биік, барлық жанрда бірдей қалам сілтей алатын кең тынысты жазушы екендігінен айқын мағлұмат береді.

Б $\frac{4702250104-10}{416(05)-05}$ -10-05

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-664-27-7

© Б. Бұлқышев. 1977, 2005
ЖІС «Санат» баспасы, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Ақын жаны кашанда ақындықты аялайды, талант иесін қадірлейді, оны ардақтап жыр төгеді, сыр шертеді. Қасым Абдолланы, Жұбан Мұсаны, Дихан Баубекті дастан етті. Дихан Әбілев өзінің «Махаббат тағдыры» атты лирикалық поэмасында:

*«...Жас еді Баубек жиырмада ғана
От еді бірақ лауылдап тұрған.
Дәуші едік оны «Жалынды бала,
Корчагин-сынды дауылдан туған», –*

деп жазған.

Өзінің өршіл арман-мақсатына жетпей, қыршын, жас шағында қаза тапқан аяулы жанның бейнесі тұр осы бір шумақ өлеңде.

Расында да Баубек өмірі — біздің аға буынның, аға ұрпақтың өмірі, бізге сәулетті өмір, бақытты дәуір орнатып берген күрескер әкелеріміздің, Павел Корчагиндер өмірінің жалғасы. Корчагин және оның құрбылары әлемде жана дүние орнату үшін күресе, олардың ізбасар інілері — Матросов пен Кошевойлар, Токтаров пен Бұлқышевтар Корчагиндердің қан төгіс күреспен алып берген жарық күнін, бақыт дүниесін қара түннен, фашистік түнектен аман сақтап қалу үшін күресті. Сондықтан алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің мақсат-мұраты, арман-тілегі, бір бастаудан шыққандай, бір арнаға құйғандай бірыңғай болды.

Баубек — 30-40 жылдар жастарының өкілі. Ол қазіргі Жезқазған облысы, Ұлытау ауданындағы бұрын Сарлық деп аталатын қыстауда (қазіргі «Аманкелді» совхозында) 1916 жылы дүниеге келді. Балалық дәуірдің балғын бесігінен жаңа аттаған шағында Баубек әуелі шешесінен, арты-

нан әкесінен айрылып, жетім қалады. Немере ағасының қолында тәрбиеленіп, оқып білім алады. Ұлы Отан оған әкені де, шешені де жоқтатпайды. Бұдан кейінгі оның өмірі өзі айтқандай, еш уайымсыз, қайғы-қасіретсіз өтеді.

«Менің 19 жасымда бар ойым оқуда, қызмет жайында және несін жасырайын, атақ жайында болатын. Мен толып жатқан өнер жайын ойлаушы ем. Алдымен ақып болғым келетін. Пушкин мен Лермонтовты, Гете мен Гейнелі, Байрон мен Шиллерді оқығанда біржолда сүңгін кетуші ем. Бұл ақындар маған қатты ұнайтын да, күн-түні басымды көтермей оқитынмын. Мен күйші де болғым келетін. Чайковский мен Глинканы, Бетховен мен Шопенді ерекше құмартып тылдаушы ем. Мен өзімнің өкем, әрі ақын, әрі күйші болғым келетін.

Жоқ, шынын айтсам, маған ол да аз еді. Менен гөрі ересек жолдастарым мен бір туған ағаларым институт бітіріп, біреуі инженер, біреуі тарихшы болып шыққанда, осы мамандықтар түгелімен менде де болса деуші едім.

Өмір үшін, жас жігіт үшін, әрине, бұл да аз...»

Міне, осындай ұшқыр қиял, асқак арман, биік мұрат Баубек бойына дарыған қасиеттер еді. Ол кейін «Октябрь балалары» (қазіргі «Қазақстан пионері»), «Лениннің жас» газеттерінде қызмет істеп жүрген кезінде де осы асыл қасиеттерін арындай таза ұстады. Газеттің күнделікті тынысына еріп, бірде мақала, очерк, рецензия жанрларымен айналысса, бірде әңгіме, новелла, өлең жазды. «Айсұлу» деген дастан жазып, белгілі ақындардың сарабына салды. Не керек, 1935 жылы Алматыға келген күннен бастан оның өмір жолы — жанталасқан оқу, іздену, үйрену жолы болды. Алматы оған творчестволық қанат бітірді, «Пай-пай, Алматы-ай!.. — деп жазды ол, — поэзия қаласысың сен! Жүрегімді мың бұрап, ойлы, әсерлі, әсем қиялға бөлеген ғажайып қала — сен туралы, сенің батыр ұлдарың туралы жазбақпын. «Алматылықтар» деп атаймын оны».

Айтқандай-ақ «Алматы — қалам менің» атты романын бастап та жіберді. Бірақ роман аяқталмады. Талапты жастың талай асыл арманы орындалмады. 1940 жылы Финляндиямен арада соғыс өрті лаулағанда өзі тіленіп, әскер қатарына алынды. Осыдан соң Баубектің жауынгерлік өмірі басталды. Ә дегеннен жақсы солдат, батыр жауынгер болды. Не үшін жауынгер болғанын, не үшін, кім үшін соғысатын мақсатын да жақсы білді. «Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де... Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!» деп жазды ол «Өмір мен өлім туралы» очеркінде.

Баубек Булқышев қатардағы жауынгерден офицерлік дәрежеге дейін көтерілді. Ақтық рет, 1944 жылы февраль айы ішінде Украинаның Ново-Юльевка деген селосы маңында саперлік міндетін атқарып жүріп, оңат болды.

Өмірге күншар абзал жанның өле-өлгенше ойынан тақтамаған бір асыл арманы бар еді. Ол әйгілі жазушы болу арманы, творчестводан туған арман еді. «...Менің арманым – артымда әке-шешем, ағам, інім, қатын-баламның қалмағаны емес-ау, шіркін-ай, тек алақандай кітапша қалдыра алмағандық болады ғой. Дүниедегі ең барып тұрған арман, барып тұрған қайғы творчестводан өте алмас», – деп жазды ол 1941 жыл майданнан жазған бір хатында.

Ол шынында да өмірдің өзін творчество деп түсінген жан. Ол бірде Лермонтовтай офицер-ақын болуды арман етсе, бірде Фурмановтай жауынгер-жазушы болуды армандайды. «Жазғын келеді, жаза бергің келеді, әттен, шіркін, уақыт болса», – деп әр хатында-ақ жазып жатты. Ол үшін, творчестволық арман-мақсатын орындау үшін, жан аямай соғысу керектігін, фашизмді жеңу керектігін өзіне де, өзгеге де ұран етті.

Баубек соғыс жылдарында жауынгер публицист ретінде жарқ етіп көзге түсті. Орыс жазушылары Илья Эренбург, Борис Горбатов, Константин Федин, Александр Фадеев, Николай Тихонов, Константин Симоновтардың ізімен әскери публицистикаға бой ұрды. «Өмір мен өлім туралы», «Мен өмір сүргім келеді», «Заман біздікі», «Шынысұлына хат», «Ұянда, Кавказ», «Жауыздық пен махаббат» деген публицистикалық шығармалары майдан жауынгерлерінің ерлікке, патриоттыққа үндеді. Бұл шығармалардың көпшілігі тұңғыш рет «Комсомольская правда» газетіне басылып шыққанда, оған еліміздің түкпір-түкпірінен құттықтау хаттар ағылып барып жатты. Бұл жөнінде Баубек жастардан екі жүзден астам хаттар алғанын айтып жазды. Оның бәрінен де жастар өздерінің Баубек шығармаларынан алған әсерін жазады, одан жана шығармалар күтетіндігін білдіреді.

Соғыс өртінің шаршуында жүріп, бір сәт қолы босап кетсе, Баубек қолына қалам алды. Майдан өмірінен «Алтын сағат» деген ұзақ әңгіме жазды. Бұл жөнінде өзінің жан жолдасы марқұм Мұқан Иманжановқа жазған бір хатында, ол: «Алтын сағат» деген бір әңгіме жазып едім, 27 бет, әжептәуір көлемді, жап-жақсы, Карамзиннің «Бейшара Лизасы» сияқты. Әрине, күйректіктен – батырлық, патриоттылығымен айрылады одан» деді.

Булқышевтың қаламгерлік қабілеті еркін гүл шаңа ал-

мады. Оның Отан соғысы кезінде жазған публицикалық мақалалары тұңғыш рет 1943 жылы, одан кейін 1948 жылы, соңғы рет 1965 жылы Дихан Әбішевтің құрастыруымен «Өшпес өмір» деген атпен жеке кітапша болып шықты. Бірақ бұлардың бәрінде де Баубектің сарабдал тумалары толық күйінде көріне алмай қалды. Бірсыңыра өлеңдері, «Айсұлу» атты поэмасы, патриоттық сезімдерге толы жауынгерлік хаттары бар еді. Олар жинаққа енгізілмей қалған-ды.

«Терең ойсыз, үлкен идеясыз көркем шығарма жоқ. Баубек әдебиетке үлкен ойларымен, бірден таныла кететін өз стилімен келе жатыр еді. Көркем очерк, мақалаларынан іргелі жазушы туып келе жатқанын табығтар талап сирек кездеседі. Баубек мен үшін осындай сирек кездесетін талант еді», — деп жазды заманымыздың атақты жазушысы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов. Осы сирек кездесетін талант, жастардың сүйікті жазушысы Баубек Бұлқышевтың өзіне орнатқан ескерткіні болсын деп оның осы жинағын құрастырып, оқушы қауымға ұсынып отырмыз. Мұнда Баубектің негізгі туындылары мен майданда жүріп жазған патриоттық хаттарынан үзінділер келтірілді.

Бұлқышевтың ақындық, жазушылық, журналистік қыры мен сырын, оның өмірге, қоғамға, совет адамына деген жана көзқарасын, адамгершілік, ерлік, отаншылдық қадір-қасиетін, өзінің асыл арман, игі мұрат, ізгі мақсаттарын оның жарияланған, сарабдал еңбектері арқылы ғана көріп қою жеткіліксіз. Баубектің шын тұлғасын, болашақтың асыл адамы тұлғасын оның жазған хаттарынан да байқаймыз. Ол хаттарда жауынгер жастың өмірге, Отанға, туған ел, өскен жерге, досқа, жолдасқа, бақытқа, талантқа деген көзқарасы, ой-пікірі айтылады. Енді бір топ хатында болашаққа сенімі, қанатты қиялмен, келешекті көксеген көкейкесті ойлары желі тарғады.

Хаттар... хаттар... Олардың әржағында Адам тұр, үлкен-үлкен әріппен жазылған абзал жан тұр. Ол:

«Бүгін майданға жүргелі отырмын. Майданға жүргеніме тіпті қуаныштымын да. Сондықтан аузыма сөз де түспей отыр. Айқай-шулы біздің күн басталады, мінекей...»—деп бастайды да:

«Өлім деген еш нәрсе емес, мен өзім өлімнен қорықпаймын»,— деп түйеді.

Сонда тірі пенденің бәріне сұсты көрінген сұм ажал оған қалайша қорқынышты емес? «Адамға өмір берген күшке мың рақмет! Тіршілік мен үшін өте қымбат. Бұл менің шыным»,— деп өзі айтпап па еді?

Жоқ, өмірге ғашық, өмірге құштар жалынды жас өлімнен

қорықпайды емес. Отаның, елің, туған халқын басқыншы жаудан қорғаған адам солар үшін өлімнен қорықпайды деген ұғым түр бұл хатта. «Елің үшін жапыңды беру қиын емес. Өйткені елсіз құн қызықсыз... Жолдас, дос тіпті тәтті. Туған жер тағы ыстық» дегенде, осыны дәлелдейді. «Николай Островский өзінің өмірін жамап өткен жоқ деген. Сонда он жеті рет атақаға қатысқан, азамат соғысының мықты күресшісі болған. Күреске сіңірген еңбектерін қорыта келіп, өмірін тек өтпеген екен деп шешпейме!»— деген соң: «Міне, өмір — күресте. Мен де солай ойдаймын... Асылы, алысын олған адамның өлімі — өмір»,— деп философиялық қорығынды жасауы тек біздің советтік заманымыздың алғыр ойды жасының ғана айта алар пікірі.

Бұл патриоттық ізгі ойлардың бастауы, көзі қайда жатыр? Ғасырлар бойы қан мен тер төгіп, азап шегіп, ақыры ғажайып ерлік күреспен орнатқан жаңа заманды, ұлы Отанды, бақытты халықтарды сүйшілікте, отаншылдық, гуманистік ниетте жатыр. «Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу — қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды»,— деген адам Отан үшін жан қиудан тайсалмақ емес. Баубек Отан үшін құрбан болды. Өзі айтқандай оның өлімінде өмір бар.

Ол өмірден алар үлесім көп деп есептеуші еді. Сол үшін жеңіске жетсек екен, бейбіт іске көшсек екен деп зарыға алсады. Жеңіске жетуімізге де көміл сенді. Елімізде есімі баршаға мәлім атакты журналист Юрий Жуков Отан соғысы жылдарында «Комсомольская правда» газетінде майдан өмірі шығармалары бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен-ді. Баубек Бұлқышевпен хат алысып, оның шығармаларын көзбен көрген ол 1946 жылы өзі құрастырған «Солдат өмірі» деген жинақта былай деп жазды:

«1943 жылы, жолы түскен сәтінде Бұлқышев редакцияға соқты. Қаншама әңгіме, сыр шертістік десенші.

«Біздің адамдарымыз сияқты адамдармен жеңіп шықпау мүмкін емес», — деді ол сөз арасында.— Ұрысқа берілген сәтте, өзімді-өзім ұмытып кетем де, бұйрықты қазақ тілінде беріп қалатын кезім болады. Жауынгерлер соны бұлжытпай орындайды. Ал ұрыс аяқталған кезде: «Жолдас, аға-лейтенант, бұйрығыңды орысша айтсаңшы, біз сіздің тіліңізді білмейміз ғой», — дейді. Мінекей, тілімді білмесе де ойымды жүрегімен ұғады. Өйткені біздің бәріміздің де ой-мақсатымыз бірегей».

Баубек хаттарында да осы пікірлер бар. «Қызыл Армияның жігері досты қуантып, дұшпанды жылататын жігер. Осындағы

біздің жолдастар: мен соғыста өлемін дегеннен гөрі фашистің күлін көкке ұшырамын дегенді шып жүрегінен айтады. Тінті, қуанасың...» — деп жазды ол бір жолы.

Тағы да хаттар... хаттар... Оның арғы жағында Адам тұр, үлкен әріппен жазылған асыл жан тұр. Ол творчествоны арман етті, атакты акын, жазушы болуды, майталман журналист болуды мақсат қылды. Әрбір сағат, минут сайын қас қақпастан аңдысын, арналысын-жұлқысын жүрген совет жауыңгерінің ұрыстан басқаға уақыт таба алмайтынын өкінішпен жазды. «Лермонтов сияқты офицер-жазушы болу біздің кезеңде қымбат қой» десе бір хатында, енді бірінде: «Мен болсам, келешекке сенген, келешектен сұраған жанмын. Келешек иемеді ғой менің творчествомды. Шіркін, Фурмановтардың арманы жоқ қой». — деп жазды.

Хаттар... хаттар... Сыртында оның Адам тұр, қыршынынан кнылған жалынды жас жауыңгер тұр.

Ол: *«Сырымды ашып кету дүниеге*

Мендегі шып, достым-ау, барлық арман», — деп еді.

Өзінің шағын өміріндегі барлық сырын ашып кетті. Біз сол сыр хаттардың бір бөлегін ғана жариялап отырмыз. Әлі де қаншама қымбат хаттары бар, қаншама асыл сырлары бар ашылмаған. Баубектің абзал досы, құрдасы, қаламдасы марқұм Мұқан Иманжановта ғана оның хаттары түгел сақталды. Ал Баубектің хат алысқан адамдары көп еді. Сондықтан қолда сақталған азды-көпті күндіз дүниелердің қайсысы болсын жарық көруі тиіс.

«Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуға жараса, менде одан басқа арман да жоқ; ол зерттеушілер біз осы арналыста жүргенде қайғыра да, жылай да, қуана да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болғаны,» — деген Баубек сөзі әркімге-ақ ой тудыруы тиіс.

...Қарағанды облысы Ұлытау ауданындағы қазақ орта мектебінде Баубек Бұлқышеватында пионер дружинасы бар. Мектеп коллективінің мұнысы құптарлық та қуанарлық іс. Өйткені, Баубек өмірі, оның күресі, творчестволық еңбегі барша жасқа өнеге.

Отан үшін, халықтардың бақытты болашағы үшін ерлік күресте қаза тапқан аяулы жанның есімі есте қалатындай болсын!

Рахметолла БІДІРҒЫСОВ,
филология ғылымының кандидаты.

**ӘҢГІМЕ, ОЧЕРК,
НОВЕЛЛА, ПУБЛИЦИСТИКА**

ӨМІР МЕН ӨЛІМ ТУРАЛЫ

(Майдандағы қазақ жасының дәптерінен)

Адам туады, адам өледі. Мұнда тұрған қайғы не?

Бұл — жаратылыс заңы. Біздің шығыс елдері «адам дүниеге келген қонақ, біраз қонақталып, аттануың керек» деседеі.

Бірақ адам дүниеге тек қана келіп, әнейін ғана аттана бермейді: ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады. Ол өмірге адам болып келіп, адам күйінде қайтады.

Мен ұлы жиырмасыншы ғасырдың жасымын. Бүгін мен өз жайымды әңгіме еткім келеді. Өйткені бір жағымнан кек қысып отыр да, екінші — үлкен бір қайғым да бар. Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімзді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуға жараса, менде одан басқа арман да жоқ: ол зерттеушілер біз осы арналыста жүргенде қайғыра да, жылай да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болғаны.

Кек неге қысады дерегіздер, оны да айта кетейін. Жастық шақ маған бір-ақ рет берілмеп пе еді? Сол кезімді әлдеқайда түнерген қара күш жұлып әкетпекші. Ол жастықтан бір айырылсам, ол қайтын оралар ма? Оралмайтынын мен жақсы білем, аһ, тіпті жақсы білем! Біз жастар өмір сүруге асығатын едік, жастық шағымыздың іші-тысы бірдей мағыналы болсын деуші едік қой, солай емес пе, құрбыларым? Міне, сол қымбат шағымызды фашистер тонап алғысы келеді; балдырғанды бақшаға орт салғысы келеді. Мен осыған кектенем.

Мен дүниеде жиырма-ақ жыл жасамадым ба? Бірақ дәл қазір ересек адаммын деуге болады. Мен жиырмадамын, бірақ мендегі ой ақсақалды, байсалды, талай белді артқа салған адамның сйындай.

Менің 19 жасымда бар ойым оқуда, қызмет жайында және, несін жасырайын, атақ жайында болатын. Мен толып жатқан өнер жайын ойлаушы ем. Алдымен ақын болғым келетін. Пушкин мен Лермонтовты, Гете мен Гёйнепі, Байрон мен Шиллерді оқығанда бір жола сүнгін кетуші едім.

Бұл ақындар маған қатты ұнайтын да, күні-түні басымды көтермей оқитынмын. Мен күйші де болғым келетін. Чайковский мен Глинканы, Бетховен мен Шопенді ерекше құмартып тындаушы едім. Мен өзімнің екем, әрі ақын, әрі күйші болғым келетін.

Жоқ, шынын айтамын, маған ол да аз еді. Менен гөрі ересек жолдастарым мен бір туған ағаларым институт бітіріп, біреу — инженер, біреу тарихшы болып шыққанда, осы мамандықтар түгелімен менде болса деуші едім.

Өмір үшін, жас жігіт үшін, әрине, бұл да аз. Мен бір жақсы қыз жайында да қатты толғанушы едім. «Сүй» деген жалғыз сөзде қандай ұлы күш бар! Солай емес пе, құрбылар? Мен бір сұлу қызды, қазақтың бір сұлу қызын сүйші едім! Аты Жанна еді.

Сол кезде бақыт дегенді бағалай білсемші! Ол кезім өмірімнің бір ұмытылмас кезеңі екені енді ғана еске түседі.

Адам жүрегін өзгеше жақсы білетін ұлы Теге жастық шақты босқа жырлаған жоқ. Ол жастық шақты адам өмірінің ең биік шыңы деп босқа айтпаған.

О, жастықтың ұлы ақыны, Теге! Мен сенімен тілдескім келеді: сен туған елді, сенің бауырларыңның үрім-бұтағын неге айналдырғанын білесің! Сен үшін ерекше қымбат саналатын асылдарды қалай қорлап, қайран жастықты қалай құртып жатқанын сезесің!

Бір кезде Тегенің елі деп аталатын Германия енді табылық таңбасын жасыра алмайтын зорлық-зомбылықтың еліне айналды. Германия фронттердің еліне, шала сауатты ефрейтор Гитлердің еліне айналды. Атақты ата, ұлы ақын, біздің жанымызға да осы батады. Бүгінгі фронттер «Фаусты» оқымайды, білмейді. Олар сені де білмейді!

Атақты ақын сені біздің ел ғана шын сүйеді. Сені біз Пушкинмен қатар қоямыз. Сен естіп, білмеген біз, қазақ жастары, сенің «Фаустыңды» қандай құрметтейміз! Өйткені біз жастық шақты, жас өмірді ерекше сүйеміз. Біздің елдің жас буын, жана ұрпағы осындай, ұлы ақын!

Ұр да жық ақымақ фронттер біздің жастығымызды, болашағымызды құртқысы келеді. Біз, әрине, бере алмаймыз оны! Өлерміз, бірақ бере алмаспыз! Бермейміз! Орыс та осыны айтады, қазақ та осыны айтады, СССР-дағы барлық ұлттар осыны айтады!

Мен, міне, 300 күннен артығырақ соғыста жүрмін. Бұл уақыттың ішінде біздің елде өзгеріп кетті, азамдарда өзгерді, мен де өзгердім. Міне, жауынгер болдым. Қабағымнан кәр төккен, ызғар шашқан жауынгермін мен! Мені қазір көрген

адам бұдан он жыл бұрын бар ойы оқуда, я сүйген қызында болатын жас жігіт еді-ау дей алмайды.

Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің ешкісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсыңдар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыздар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыздар.

Біз көрді кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз. соғыста өлеміз де. Күресте тұдық, сол күреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!

Өткен он айдың ішінде мен бірнеше шабуылда болдым. Өлімді тіпті көп көрдім. Адам өлімін, жақсы ұғыныңдар, адам өлімін көп көрдім. Жақын жолдасыңның қиналып барып жан тапсыруын көруден ауыр не болады дейсің. Ол – жаныңа жаны қосылған досыңның өлімі, ол – тізе қосып бірге алысқан жолдасыңның өлімі! Жауды мен аямаймын, оның өліміне інім қынжылмайды, мен адамды емес, адам бейнесі айуанды қырып жүргенімді жақсы білемін. Ал енді қасыңда жаңа ғана қызыл әскерше киінген қыршың жас өліп жатқанда жүретін қатты ауырады, құрбылар! Осы ғажап қырғын, сұраныл соғыс үстінде жаныңа сүйеу болатын нәрсе: біздің жігіттер ерлерше өліп жатыр деген берік сенім! Олардың өлімінде де өмір бар!

Әлі есімде, бір шабуылда мен қатты жараландым. Қан майданда қала бердім. Жолдастарым жұлқысын жатыр. Соғыс тым-ақ қатты қырғын үстінде. Мен шыдай алмай барам, тұрғым келеді, алға ұмтылғым келеді. Амал не, қансырап барам, көтеріле алар емесің. Жаныңа бататын да сол мүгедектік, өзіңнің дәрменсіздігің.

Бір кезде есімді жисам қасыма бір неміс солдаты шыңғырып жатыр екен. Қызыл әскердің штығы неміс солдатына қатты қадалған көрінеді. Мен оған «дыбысыңды шығарма!» – деп әмір етемін. «Соғыста жылай ма екен! – деймін мен оған. Ол сорлы: «Орыс-ау, ей орыс, өлгелі жатырмын ғой», – дейді тым-ақ әлсіреген дауыспен. «Не үшін өлмексің?» – деймін мен тағы да. Ол жауап бере алмайды. Ауыр ыңқылдай береді.

– Фриц, неге өлмексің деймін мен саған! Бұл өлім саған не үшін керек болды? Неге құмарттың өлімге? Не үшін өлмексің?

Ол жауап бере алмады, сол күйі өліп кетті. Оның берер жауабы жоқ еді. Ол соғысқа келе жатқанда да қайда, не үшін келе жатқанын білген жоқ-ты. Ол соғысқанда да не үшін

соғысатынын білген жоқ. Ол өлімге келе жатқанда, неге өлетінін білген жоқ. Ол ақымақ фриц еді, сол ақымақтықтан өлді де.

Мен соғыстың қымбатқа түсетінін жақсы білемін. Соғыс орасан көп адамның өлімі деген сөз. Бір кезде барлық адам баласы ұлы ақын Гетенің: «Біздің тәңірден алған ең үлкен сыйымыз — өмір», — дегенін айтып, қандай мерейленетін еді! Бұл мерейін ешкім тартып ала алмайды.

Адам ұлы адамна өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да! Өмір үшін күресте біз өлім дегеннен сескенуден жиіркенеміз!

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әр түрлі болады: біреу суықтан өледі, біреу қыз үшін қырқысып өледі, енді біреулер аурудан өледі. Мұндай өлімдерді естігенде құрғана ренжисің де қоясың. Ал естігеніңде үлкен құрметтеп, бас иетін өлім де бар! Ол — майданда ерлерше өлу!

Мен жаспын, мен өмір сүргім келеді. Ең қызықты өмір әлі де алдымда екенін жақсы білемін. Менің үстімде қызыл әскер киімі, мен армияда жүрген Азия елдерінің ұлымын.

Мен өз елімді қорғаймын; момын да, бауырмал да, ардақты да елім бар!

Сол елім мен аттанарда былай деген болатын:

— Тас түлегім, мен сені баулыдым, сылап өсіріп, қанатыңды қатырдым. Қың бір кезең келіп қалды: жау жағадан, бөрі етектен алғалы тұр. Аттан, қуып-жойып қайт! Ұлым, сен көрлі кезең — соғысты заманның жігітісің, жауыңгерше қимылдай біл! — деген. Мен мұны ұмытпаймын.

Мен өмірімнің өзім үшін қымбат екенін де жақсы білемін, дүниеге мен келгелі де көп болған жоқ қой. Бірақ бұл күресте сол өмірімді аямаймын да! Аяуға да қакым жоқ деп білемін. Менде ұран біреу-ақ, ол Лениннің ұраны: «Не өлім, не жеңіс!»

Мен шығыс адамымын, батысқа кетіп барам. Біраз жерге келіп те қалдық. Менің елім жақтап шығатын алтын күн мені ұзақ күн бойы жылытады, ол қашанда қасыма. Міне, кеш бола басталды. Күн батысқа еңкейіп келеді, мен де батысқа қарай келе жатырмын. Күн де мені қимағандай, ұясына қона қоймай, тұр. Маған көзін тура қадап: «Шығыс ұлы, жолың болсын! Шығысқа жеңіспен қайт! Мен сені Алатаудың аясында қарсы алармын!» — деп тұр.

Күн көкжиекке батып барады. Мен әлі жүріп келем, алға кетіп барам. Мен жау тас-талқан болып жеңілгенше, ілгері қарай аяңдай беруге тиістімін.

1943

ӨМІР СҮРТІМ КЕЛЕДІ

Мен өмірде бірінші рет ай жарығында хат жазып отырмын. Қағазға қаз-қатар түскен жолдар жақсы көрінсе де, қайта оқып шығу қиын-ақ. Сондықтан шалғай тұрған сөздерді өзгертін, қатесін түзеуге болар емес. Қатем болса оқпелемей, ошны-солпысын өздерің түзетерейдер деп ойлаймын.

Бүгінгі айлы түн ерекше жақсы. Мұндай қоңыр күзде еңрек кездесетін түн. Мен айлы әсем түндерді көп көрін ем, ал ертеңгі айқас алдындағы мына түн тіпті таң қалдырды. Айқасқа кірер алдында дүниенің бәрі де өзінің дәл қалшынан анағұрлым әсем көрінеді, өзінде күндегінен өзгеріп кеткендей көрінесің. Ұйқың келмейді. Бірлеме істегің келеді. Не айғай салып, не тіпті мылтық атқың келетіндей. Атысқа дейін әлі көп уақыт қалғандықтан мен, міне, хат жазып отырмын. Кейде жазған жазудың да оқтай атылатын кезі болады.

Біз таң ата шабуылға шығамыз. Немістер түйдектелген күшін, танкін дәл біздің үстімізге қарай аударып жатқанын барлаушылар анықтап келді. Олардан бұрыннарақ қимылдап, ойлағандарын істетпей тастау керек. Сонымен фашистер алып отырған қалаға біз таң ата атака жасаймыз. Алдымызда қанды сұрапыл ұрыстар тұрғанын білеміз.

Жолдастарым қазір дем алып жатыр, көбінің маған ұқсап ұйықтамай, ояу жатқандарын да білем. Мүмкін, ойға шомған болар. Олар көп нәрсені ойласады. Ұрысқа шығар алдында ығи осылай, жаңа бір дүниенің күшағына кіргендей болатын әдетің. Менің ең жақын жолдастарым — Федя мен Вася да ұйықтамаған. Немене жазып отырысың деп, менен бірнеше рет сұрасып еді, мен үндемедім. Васяның ақырын ғана:

— Таң қазір не ойлай қалғаныңды айтшы? — деп Федяға жабысып жатқанын мен де естіп отырмын. Федя оған: — Рая екеуміз қандай жақсы тұратын едік...— дейді.

Вася үндемейді. Ол да өзінің сүйген жарын есіне түсіріп отырғанын мен жақсы білем. Тап солай екен. Міне, ол:

— Федя, Сашадан хат алдым. Тағы да ұлымыз туралы жазады, — деді.

Васяның баласының жайы менің есіме де түсіп кетті, Вася мен Сашаның тұнғыштары сол, әрі ақылды, әрі ажарлы бала екен. Екі жастың тым жақсы көретін ұлдарын немістер өлтіріп кетіпті. Содан бері Саша еріне жазған хатының бәрінде де: «Фашистерді аямай қыр, шамаң келгенше көбірек қыр». — деп жазады.

Біз елдеуірден бері достасып келеміз: бірақ кездесуіміз осы майдан үстінде болса да, тінті әлдеқашаннан бергі достар сияқтымыз. Федя орыс, Вася белорус, мен казакпын. Неше рет атакаға бірге кірдік, неше рет бір киімнің астында бірге жаттық. Неше рет жақсы коретін асбасшымыз Абдулкаюм пісірген тамақты бір шелекшеден бірге жедік.

Достарым үндеспей қалды, әрқайсымен өз ойына батып кетті білем. Майдандағы үлкен семья, жаңы бір достар семьясыз откен өмірін ойымен барлап, өзіне-өзі есен беріп, дем алып жатыр. Бұл — соғыс алдындағы демалыс.

Тыныштық. Жел үнеіз, жапырақ тілеіз, құстар әнеіз, дүние түгел қалғығандай. Атылған оқ, жарылған бомба гүреілі де естілмейді. Ғажайып бір үнеіздік; тым-тырыс, таңертеңгі жер сілкіңтердей қан майданның алдындағы тылсым тыныштық.

Міне, мен кішкене өмірімді тағы бір тексеріп, әр күнімнің ізіне түсіп отырмын, алыстан бастан, дәл бүгінгі түнге жеттім. Көз алдымнан өзіме сонша таныс жиырма жылдық өмірім өтті. Біріне-бірі жалғасып келіп, біріне-бірі айқасып жатқан әдемі шақ, қымбат күндер жүрегімді жүз бұрап, сол күйінде қайтадан есіңе түседі. Бір тізбегі — сегіз жылдық бақытты шағың, бала кезің; одан соң оқумен откен он жылдың, одан кейін — армия, майдан. Шынын айтқанда менің өмірім, казактың жас жігітінің өмірі жаңа ғана бағталды.

Міне, тап бүгінгі түнде, таңертеңгі ұрыс алдында, туған елім мен барлық халқыма, тінті барлық адам баласына мен өмірден алатын еншімді алғаным жоқ әлі, мен өмірді қатты сүйемін, мен өмір сүргім келеді, — деп бар даусыммен айғайлағым келеді. Мен мұны ертең мені өлтірер-ау деп қорқып айтып отырғаным жоқ. Жоқ, Федя мен Вася жолдастарым сияқты, мен де аяпбаймын. Мен соғыстың барлық қауіп-қатерін де білемін, нар тәуекелге нені салып отырғанымды да білем. Мен үшін ертеңгі күннің ерекшелігі де осында.

Горький: «Адам деген — айбарлы ұн», — деген. Мен алысқа сол адам болып кіргім келеді. Мен жиырмасыншы ғасырдың биік белінде, асқар шыңында тұрған адаммын. Софоклдан Ленинге дейін, Гомерден Горькиге дейін, Бахтан Шостаковичке дейін адам баласы ұзақ өмір сүріп, ғасырлар бойы мәленнет байлығын жасап келеді. Сондықтан біздің түс адам баласының ең бай ұрпағы.

Біз бұл бай мұраны қашан да қаснетпен ерекше сүйіп, қорғап келдік. Біз оны жапымызбен де, жүрегімізбен де

айрықна бағалаймыз. Бұл мұра әсіресе қазақ елі үшін бағалы. Талай ұмытылмас ұзақ түндерді мен кітаппен өткізуші едім. «Илиададан» бас көтермей, Бальзактың көп томды «Адамшылық комедиясына» батып кететін едім. Толстойдың бізге бергенінде есең бар ма!

Даңқың зор орыс әдебиеті, мен сені мадақтаймын! Мені тәрбиелен өсірген – сенсің. Осы мынау ауыр күндерде Андрей Болконскийді, Тарас Бульбаны, Павел Власовты есіне алмайтын кім бар екен! Жалғыз солар ғана ма еді!..

Біз поэзияны сүйетін едік. Бос уақытымызды философияға беретін едік. «Адам жүрегімен сөйлескің келсе – музыканы үйрен», – деген сонау бір композиторға біз неше рет алғыс айттық екен! Біз музыканы жүрегімізбен тыңдаушы едік, біз Шостаковичті тыңдағанда желініп, көтеріліп кетуші едік. Біз оның жетінші симфониясын әлі ести алған жоқпыз. Оқасы не, оны тыңдайтын уақыт та алыс емес шығар.

Ие, біз білімге тоймайтын адамдар едік. Біз қол бос болғандықтан, іш ныскандықтан емес, білімді болу үшін оқитынбыз. Адам баласы жасаған ұлы мұраны білін алып, мұраға мұра қоса алатын мәдениетті адам болу үшін оқитынбыз. Біз оны істей аламыз, мұраға мұра қоса аламыз.

Осы түнде Федя Раясын ойлайды, орыстың әдемі әйелін сағынады. Вася белорус қызы Сашасын ойлайды. Мен де өзімнің сүйген қызымды ойлаймын. Шығыс қызы Жаннаны сағынам: Жаным Жанна, сен тінті алыстасың. Бірақ суретің қалғанда, комсомол билетімнің арасында, менің жылы құшағымдағың. Жүрегімді сенің кірсіз махаббатың жылыталай.

Жанна, сен қайдасың осы күні? Мүмкін, екінші еменәге қалып, дәл қазір соғыс зауытында жұмыс істеп тұрған шығарсың? Маған оқты көбірек құйып берудің соңында боларсың? Мүмкін, ұзақ түн оқ құйып, қазір ұйықтап жатқан шығарсың? Түсінде өзің құйған снарядтардың немістерді қалай талқандайтынын көріп жатқан шығарсың?

Тыныш ұйықта, жаным! Ұйқың бұзылмасын деп, күзетінде біз тұрмыз мұнда. Мен оқымысты болуды арман етуші едім. Қазіргі күнде сені қорғайтын, өзіміздің шығысты қорғайтын, өзіміздің Отанды қорғайтын солдатпын. Танертең соғысқа кіргенде есімде сен боларсың, елім болар.

Мен өмір сүргім келеді. Жанна, білемісің, соғыста олу деген қиын жұмыс емес. Көп адамдар: «Отан үшін өлейік»,

— дейді. Керек болса, Москваны қорған өлген біздің 28 бауырлар сияқты өлеміз Отан үшін. Бірақ біз, Отан солдаттары: «Отанымыз үшін өмір сүргіміз келеді!», «Фашистерді қырғымыз келеді!» — дер едік.

Менің өмір сүргім келеді. Бірақ фашист неміспен бірге өмір сүре алмаймын. Фашисі бар дүние тар мен үшін. Адам мен ан бір бөлмеде тұра алмайды. Бір жердің үстінде фашист неміспен бірге жасай алмаймын мен. Біз Шилдерді, Гетегі сүйетінбіз, біз оларды қазір де жақсы көреміз. Біз канкумар емеспіз. Бірақ мен Германия жастарының арасында Вертер сияқты біреуін де таба алмадым. Оларда жүрек жоқ.

Фашист немістер тіпті солдат та емес. Суворов: «Солдат — талаушы емес», — дегі. Мен мұны азырақ қана ауыстырып: «Талаушы — солдат емес», — дер едім.

Неміс жастары! Сен біздің ғасырдың көз сүріндірген қылмысты жанысың. Сені бүкіл дүние қарғайды! Сені кейінгі ұрпағың қарғайды!

Үстіміздегі жиырмасыншы ғасырда, адам ұлының ой өрісі ер жеткен мәдениетті ғасырда тап сендей, қолына автомат ұстаған қанды қол — баскесер барлығына мен қызарам. Сен біздің ғасырдың қылмысы бетіне басылған қара таңбасысың. Сені, сен қара таңбаны өшіру үшін мен сені өлтіруім керек, мен сені өлтіремін де!

Біз қашан да гуманист болатынбыз. Біз адамды ерекше сүйеміз де, оның өмірі ең қымбат өмір дейміз. Мен адам өмір сүрсе екен, еңбек етіп, өнерін көрсете алса екен деймін. Ал ол адам өмір сүру үшін, сол адам өмір байлығын жасай алу үшін керек нәрсе — жаңағы айтқан — фашисті қыру! Осы тілек үшін біз талай құрбан шалармыз, бірақ бұл тілек орындалады да!

Жақын арада мен бір жас ақынның соғыста өлгенін көрдім, ол соғыста батырларша алысты да, батырларша өлді. Өлер алдында есіне Байрон түсіп кетті де, жазу дәптерін баспаға тапсыруға бізге берді. Дүниемен қоштасар кезеңде өлендерінің өмір сүруін ойлады, соны үміт етті: оның өлгеннен кейін де өмір сүргісі келді. Ол өмірі — жүрт оқитын өлендері.

Біз өмір сүргіміз келеді. Осыны ауызға тым жиі ала береміз бе, сірә? Жоқ. Менің ойыма Спинозаның бір айтқаны түседі: «Азат адам өзгеден гөрі өлімді аз ойлайды; оның данышпандығы өлім емес, өмір туралы ойлардан туады.

Біз ерікті адамбыз, сондықтан өмір жайың сөз қыламыз», — дегі.

Өмір деген не? Жана туған адам дүниенің есігін қағып.

бірінші баспалдаққа шығады. Оның алдында бұраны көп, оқабы көп ұзақ жол — өмір жолы. Адам бір жоғары көтеріліп, біресе төмен түседі, тағы да жоғары көтеріледі. Осы бұран жолмен ол тез қозғалып, асыға ұмтылып, аяға басады. Ол ширақ, ол шап. Ол осы жолының бір жерге жетіп таусы-дарын да біледі. Бірақ одан да қорықпайды. Оған қымбат — сол бұраны көп ұзақ жол. Мәңгілік өмір — бір көшке бір қош жалғасын, ұрпақ ауысын, ел жаңарын отыратын сол ұзақ жолда.

Мен жиырмадағы совет жасымын. Мен өмір жолының біразын жүріп тастасам да, алдымда талай қыр бар, менің алтын жолым жиырмаасыншы ғасырдың биік қырқасынан асып, алға қарай, жоғары қарай тартып барады. Ол жол менің ұлы Отанымның далаларынан өтеді. Жан-жағымда сен сияқты миллиондаған совет жастары. Олар да өз жолдастарымен кетіп барады. Бірақ бөрінің жолы да сол биікке, сол алға тартып жатыр.

Міне, менің қалам, университетім, менің сүйетін Жаннам. Мен сендерге соғыс өртін қызып өтіп келе жатырмын. Әрі асығам, әрі алқынам. Мен сендерге жеткім келеді. Бірақ дәл жолымда көлденең тосып, автомат ұстаған неміс тұр. Ол мені өлтіргісі келеді. Ол менің жолымды бөгемек болады. Мен абайламай қалсам, ол мені өлтіреді де. Онда ол менің барлық туған-туысқандарымды да өлтіреді. Қаламды қирағып, университетімді талқандайды.

Менің туысқандарым өз тағдырларын маған тапсырды. Ол тағдырға мен жауаптымын. Сол жауапты бере аламын да.

Шығыстан созылып таң келеді. Түнді күн жетін таңертеңгі ала сәуле бола бастады. Қазір: «Тұрындар!» — деген белгі беріледі де, дос-жолдастарым түгел тұра келеді. Хатты тез аяқтап майданға жөнелу керек, өзіннің борышыңды өтеу керек. Жанна жаным, қош бола тұр көріскенше. Мен фашисті өлтіруге жөнелдім.

1943

ЗАМАН БІЗДІКІ

Жаралы орыс жері, сенің топырағыңды басып жүріп келемін. Сен жаралысың. Бірақ қатардан шығып қалған жоқсың. Сен өз халқыңа еңбек сіңірудесің. Бұл қанды майданда сен не көрмедің? Саған атылған оқ пен лақтырылған бомбада есен жоқ. Анау тал-қайыңдарыңа қарашы! Олар да қайғылы. Көбінің аспапмен таласып

туратын бастарын жаудың саряды жұлып әкеткен. Айна ерке өзендерің Днепр, Дон — долданып буырқана тасуда. Мөлдір суларың қызыл қан жауып, қанды көбік атуда. Олар да қатты күрсінуде, тебіренуде.

Бұл біздің арқамызға аяздай батады.

Атақты алып Россия жері, сені бізден артық сүйе алатын кім бар! Біз жауынгерлер сені сүйеміз, сен үшін біз жанымызды қиюға дайынбыз. Біз олімге қарсы аттанамыз, саған атылған оққа қарсы жүреміз. Мұның бәрі сен үшін, туған жер, біздің анамыз, салтанатты Россия жері!

Жиырма бес жыл сен ерікті едің, азат халықтың жері болып едің. Сен тұтас жер болып едің. Ешқандай бөлшектеуді, жіктеуді білмеп едің. Біз сені метрмен өлшегеніміз де жоқ болатын. Біздің мейірімді халық сені бөлшектемей-ақ тұтасыңнан пайдаланбап па еді? Сен де бізді бауырыңа тартып, алалап көрмеп едің. Сенің кең сахараннан достықтың, ынтымақтың самалы есуні еді. Сенің мол қазынан баршамызға ортақ еді. Бақытты бауырды, сүйікті досты сенің құшағыңнан тауып едік. Сен бізге ұмытылмас тәтті өмір беріп ең. Азаттық өмір беріп ең. Теңдік, әділеттік сенің топырағыңнан тарап еді. Біз сені ерекше сүйіп едік, Россия жері!

Бүгін сен жаралысың, Туған жер, бірақ жауға бас имейсің! Бүгін сен кектісің, орыс табиғаты, сенің көкірегің жоғары! Сен дүниеге тәкаппарлықпен қарайсың! Сен кешегі Суворов пен Донскойдың, Кутузов пен ұлы Петрадің, Пушкин мен Некрасовтың жері екеніңді білдіресің! Сен біздеп, өзіңнің ұландарыңнан әділене күтесің.

Біз сені түсінеміз! Сен бізден еркіндікті, жаудан босануды тілейсің. Сен өз халқыңа, өз жұртшылығыңа ғана мекенсің.

1917-20 жылдары саған бостандық алып берген біздің әкелерімізге тапқалған едің сен. Бүгін бізге тапқалмайсың. Біз бейбітшілік уақытта керемет істер істедік. Бізді бүкіл әлем жана дүниені, бақыт дүниесін құрушылар деп санайды. Біз дүние жүзінің жастарының алдыңғы қатарындамыз. Бүгін бұл жастар ұлы майданның алдыңғы қатарында.

Біз, жастар, тағдырымыз сенімен байланысты екенін білеміз, туған жер! Біз сенің топырағыңда ғана бақытқа бөленбекпіз. Өмірдің биік шыңына қол созамыз, адам дүниесінің сала-саласына ой жүгіртеміз. Біз бақытты жастар едік. Сенің үстінде қуанышқа кенелің, той-тойлаған күндер есте! Бүгін сенің үстінде жаумен жағаласудамыз. Біз сенің үстінде тудық, сенен өстік, керек болса, сенің үстінде

өлеміз де. Бірақ, жауға берін қоймаймыз сені. Серт осы. Біз осыған ант етеміз, ізгі ана!

* * *

Әлі есімде, бейбітшілік уақытта жастар қосылып астын не мектенке, не бакшаға қарай бет алар едік. Біз жүрген жерде өзін, біз жүрген жерде күлкі, біз жүрген жерде ән болар еді! Қарттар әйелдерінің жанында отырын біздің сыртымыздан қуанады, бізді өздерінің мақтанышы етеді. «Шырақтарым, күлділер, ойындар, Заман сендердікі. Сендер бақытты жасындар! Сендер дүниеге біздің орнымызға келдіңдер, біз сендерге бақыт кінтін қалдырамыз, өмірдің шыңына шығындар», – деп батасын береді олар. «Сіздер де қалыспанындар, біздің заман қарттарды қадірлейді», – дейміз біз.

Біздің соңымыздан көңілді қарт жүгірін:

– Ей, жастар! Біздің жырымыз жырланып біткен, енді сендер жырландар, біз өмірден өзіміздің үлесімізді алдық. Енді сендер алындар... Сендер өмірдің шыңына да аяқ барсып барасындар. Біздің жасымыз өтін барды, – дейді.

Қария адам өмірінің қысқалығына қынжылатын сияқты. Ол жас болғысы келеді, өмір сүре бергісі келеді, бірақ ол 70-те, Оя, енді 70 жыл жасамайтынын біледі, қайран 25 қайтып оралмайтыны анық. Сондықтан ол бізге заманды тапсырады, келешекті, жана дүниені тапсырады, кең байтақ алып Россияның жерін тапсырады.

«Сендер оның келешегіне жауаптысындар. Міне, мынау ұлы пост, соя постыда болындар», – деп тұрғандай болады.

Біз соя ұлы постыны жауынгерлік дәуірде алып отырмыз. Атылған оқтың, жарылған снарядтың астында қанды майданда алып отырмыз. Өзіміздің дәуірді, ұлы постыны Отан соғысының ұлы күресінде алуға тура келіп отыр. Жастар өзінің заманын қолдан жауға бере алмақ емес. Біз өзіміздің заманымызды қорғаймыз!

О, жастар! О, құрбылар!

Біздің заман таласта! Жастық шағымызды қырау шалғалы тұр! Бірақ біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз! Заман біздікі! Өз заманымыз үшін жан пида! О, жастар! О, құрбылар!

Біз келешек ұрпақтардың алдында жауапты болмайық, біз олардың келешегін өртке шалдырмаймыз. Біз аталарымыз қанды майданда күреспен жеңіп алған тамаша дәуірді мақтанышпен өткізуіміз керек. Біз келешек үшін туған Ильичтің жастары екенімізді естен шығармауымыз керек.

Біз кеше ғана жиырмасыншы ғасырды алтын ғасыр деп атап едік. Біз осы ғасырдың дәмін татқан жастармыз. Міне, қараңдаршы, жау алтын ғасырға оқ ағуда. Алтын ғасырдың алып денесіне оқтың ізін салды. Ол ауыр сокқыны бастап кешіруде. Бірақ алтын ғасырдың жастары жау алдында тізе бүкпек емес. Алтын денесіне таңба түссе де шірімейді: болат сынса да майыспайды, біз – жастар да солай. Қанды майданда алыспен өліп бара жатқан жас адам: «Жасасын Отан! Жасасын туған жер!» – деп жан тапсырады.

Тындандар, менің достарым, менің жауларым, бұл біздің үні – жеңілмейтін Россия жері жастарының үні. Бұл ұлы күрестегі қажырлы ер жастар – Ленин комсомолының үні.

Біз Россия жерінің иесіміз, біз оны қорғаймыз. Заман біздікі, біз өз заманымыз үшін оққа, өлімге қарсы жүреміз. Біз Лениннің жастары кешегі алтын ғасырды қайта тұрғызамыз.

Біздің орнымыз жауынгерлердің алдыңғы қатарында. Біз өз орнымыздамыз. Жастар, өзіміздің заман үшін, өзіміздің жер үшін жауға оқ атайық! Заманымызды қорған қалайық. Әлем алдында заман біздікі дейтін болайық.

1943

ШЫҒЫСҰЛЫНА ХАТ

Шығысұлы!

Біздің қазіргі уақыттағы орнымыз қанды майдандағы қызу ұрыста ғой. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығысұлы!

Мен саған осы хатты немістің блиндажында жазып отырмын. Жанымда бірнеше қазақ жігіттері бар. Осыдан 40 минут бұрын бұл блиндажда немістер отырды. Біз оларды қамауға алып, үстінен басып қалдық. Тек аз ғана солдаттары қашып құтылды.

Сен біз «дәу қара» деп атайтын Қарағандының забойшысігі Бейсенәліні білесің ғой! Ол қазір бізбен бірге. Өзі де дәу қара десен, дәу қара-ау! Бүгінгі ұрыста жұртты тым-ақ сүйсіндірген сол болды. Оның қимылы да қызық. Сонша ірі денесімен керіліп тұрып немісті найзаға түйреп алып, басынан асыра кейін лақтырады. Жау онымен қарсыласуға беттемей жалт береді. Жаңа оны командир шақырып алып, арқасынан қағып, алыс айтты. Жауынгерлер оған